

Май ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 17 қазандағы "Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясын құру туралы" N 153/15 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, әділет департаментінде 2003 жылдың 24 қазанында N 2112 тіркелді

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2004 жылғы 4 мамырдағы N 67/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 4 маусымда N 2541 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Май ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 17 қазандағы "Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясын құру туралы" N 153/15 қаулысына (2003 жылдың 24 қазанында N 2112 тіркелді және аудандық "Шамшырақ" газетінде 2003 жылдың 6 желтоқсанында N 49 ресми жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясының Ережесінің 4 бөлімінің 9 тармағы "аудан әкімінің аппарат басшысы басқарады" деген мазмұны "аудан әкімінің орынбасары басқарады" деп ауыстырылсын.

2. Комиссияның құрамына өзгерістер енгізіліп, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихаттың сессиясына енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы м а м ы р д а ғ ы
" М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 7 қ а з а н д а ғ ы
" А у д а н ә к і м д і г і н і ң
қ а р а м а ғ ы н д а ғ ы т ұ р ғ ы н ү й л е р д і

кезектілік тәртібімен белгілеу
жөніндегі комиссиясын құру
туралы" N 153/15 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы, әділет
департаментінде 2003 жылдың
24 қазанында N 2112 тіркелді"
N 67/1 қаулысымен бекітілген

Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссиясы - консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Заңдарымен, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның мақсаты мен міндеттері

3. Комиссияның негізгі мақсаты: Комиссия мүшелері тұрғын үй қажет ететіндердің кезектілігін ұйымдастыру.

4. Комиссияның міндеттері:

- 1) тұрғын үй қажет ететіндердің кезектілігін бақылау;
- 2) қажетті құжаттардың тапсырылуын бақылау;
- 3) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, тұрғын үй қажет ететіндерге кезексіз үй беру туралы шешім қабылдау.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

5. Комиссия мәжілістері қажет болғанда, өткізіледі.

6. Комиссия мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысса, оның мәжілістері құқықты болып саналады.

7. Мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен

қабылданып, ұсыныс сипатында болады. Комиссия мәжілісіне қатысып отырған мүшелердің көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады. Дауыс саны тең болса, төрағаның дауысы шешуі болады.

4. Комиссияның құрылуы

8. Аудан әкімдігінің қарамағындағы тұрғын үйлерді кезектілік тәртібімен белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы, заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатында бекітуге ұсынылады.

9. Комиссияның төрағасы - аудан әкімінің орынбасары басқарады.

Комиссия төрағасының орынбасары аудандық коммуналды шаруашылық, көлік және коммуникация бөлімінің бастығы болады.

5. Комиссия өкілеттігі

10. Комиссия өкілетті:

- 1) тұрғын үйлерді кезектілік тәртібін белгілеу;
- 2) тұрғын үйді алу тәртібінің іс-құжаттары толық болмаған кезде, заңнамаға сәйкес іс-құжаттарды түгелдей жинақтауға сұрау құқылы;
- 3) комиссияның мәжілістерінің қорытындысы бойынша шешімдер қабылданады.